

«6D020800- Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Айтбаева Айгерим Есимкановнаның «Қазақстан археологиясы А.Н. Бернштам зерттеулерінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Айтбаева Айгерим Есимкановнаның «Қазақстан археологиясы А.Н. Бернштам зерттеулерінде» атты диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына және «Рухани жаңғыруға» бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында Қазақстан археологиясының қалыптасуы мен дамуына орасан зор үлес қосқан А.Н. Бернштамның адами және ғылыми тұлғасы ашылып, ғылыми-шығармашылық қызметі сарапталады.</p> <p>3) А.Е. Айтбаеваның диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-теникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының 8-бағыты «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған. Оның дәлелі ретінде

			<p>1) Ресей Федерациясындағы жетекші ғылыми ұйым РҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының Мұрағатындағы А.Н. Бернштамның жеке қорымен жұмыс істеуі;</p> <p>2) ҚР БҒМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Мұрағатындағы құжаттар айналымға енгізілген;</p> <p>3) А.Н. Бернштамның мақалалары мен монографияларындағы қазақ тарихы, археологиясына қатысты ой-тұжырымдары жүйеленген.</p> <p>2.1. Қосады, ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	<p>Айтбаева Айгерим Есимкановнаның диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Ғылыми әдебиеттер мен мұрағаттық құжаттар сараланып, талданып берілген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертацияның тақырыптың өзектілігі келесі факторлармен айқындалған: біріншіден, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, ұлттық идеяны дамыту, жаңа Қазақстанды құру қазақ халқының тарихи тәжірибесі мен мәдени мұрасын зерттемейінше мүмкін емес. Бұл бай мұраны зерттеуде А.Н. Бернштамның ғылыми еңбектерінің қосар үлесі зор. Екіншіден, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының Орталық Азиялық мәдениеттермен ара қатынасы, өзара әсерін анықтауға деген қызығушылық қазір тұрақты түрде артып келеді. Осыған байланысты тарих ғылымындағы көрнекті беделді тұлғалардың бірі – А.Н. Бернштамның зерттеулерін қолдану бұл мақсатқа жету жолында маңызды қадам болып табылады. Үшіншіден, Орталық Азия аймағының тарихын, оның ішінде қазақ халқының тарихының тереңдігін, аумақтың тұтастығын қайта қарап, қайта жазуға әрекеттеніп жатқан соңғы жылдардағы оқиғалар аясында тақырыптың өзектілігі ерекше арта түскен. Осы себептер бойынша, тақырып өзектілігі айқын деп санаймыз.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) айқындайды;</p>	<p>Диссертациялық жұмыс мазмұны мен оның тақырыбын толығымен ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, бес тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және төрт</p>

		<p>2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>қосымшадан тұрады. Барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланыса, тақырыптың мақсаты мен міндеттерін ашады. Ғылыми нәтижелері мен жасалған тұжырымдары, зерттеудің ғылыми мазмұнын айқындау сәйкестігімен сипатталады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына қойылған мәселені шешуге сәйкес келеді. Мақсаты – археолог ғалым А.Н. Бернштамның Қазақстан археологиясының қалыптасып, дамуына қосқан үлесі, қызметі жайлы қорытынды жасау және оның ғылыми зерттеулерінің қазақ тарихының маңызды мәселелерін анықтаудағы орнын көрсету. Міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – А.Н. Бернштамның өмірі мен қызметіне қатысты бұрын жарияланбаған құжаттар мен деректерді ғылыми айналымға енгізу; – А.Н. Бернштамның өмір жолының негізгі кезеңдері мен ғылыми-зерттеу қызметінің даму ерекшеліктерін анықтау; – ғалымның ғылыми қызығушылықтарының қалыптасуына әсер еткен факторларды зерттеу; – А.Н. Бернштамның 1930-1950 жылдар аралығындағы археологиялық зерттеулерінің негізгі бағыттарын белгілеу; – А.Н. Бернштамның қола дәуірі, ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуі, хронологиялық кезеңдеуі және мәдени атрибуциясын анықтауын саралау, ескерткіштерге жүргізілген зерттеулеріне тоқталу; – А.Н. Бернштамның қаңлы проблемасы, ортағасырлық ескерткіштерді зерттеуі, олардың баламалануының ғылыми негізділігі мен дәлдігіне тоқталу; түркі-соғды қарым-қатынасы, қалалардың пайда болуы туралы ой-тұжырымдарының маңызын ашу; – Ғалымның кәсіби археолог мамандарды дайындаудағы педагогикалық және ұйымдастырушылық қабілеттерін сипаттау; – А.Н. Бернштамның ашқан жаңалықтары мен тұжырымдарының қазіргі таңдағы маңыздылығы мен өзектілігін анықтау;

			– А.Н. Бернштамның Қазақстанның археология ғылымына қосқан үлесін сараптау. Диссертациямен танысу барысында әр тарауда, аталған мақсат бойынша жұмыс жүргізіліп, міндеттер іске асқаны байқалды.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен толық байланысқан. Әрбір бөлім мен тармақшаларының қорытындылары үндеседі. Ғалымның шығармалары мен мқрағат құжаттарын жіктеп, тарихнамалық материалдарды да бірнеше топқа бөліп, сараптаған. Жұмысты орындау барысында ізденуші тарапынан мұрағат деректері мен зерттеу еңбектеріндегі А.Н. Бернштамның ой-тұжырымдарын сыни талдаудан өткізу арқызы, өзара сабақтастықты бұзбай пайдалануға ұмтылыс жасалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертант тарихи фактілерге негізделген ойларды өз жұмысында тұжырымдап, мазмұнды баяндаған. Нақты материалдарды өңдеу және талдау сәттерінде методологиялық әдіс-тәсілдерді қолданған. Тақырыптың ерекшелігіне байланысты тарихи-биографиялық әдіс кеңінен қолданылған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен пікірлер толығымен жаңа деп бағалауға болады. А.Н. Бернштамның дүниеге келген сәтінен бастап, балалық шағы, алғашқы атқарған қызметтері, ғылыми жолының қалыптасуына әсер еткен факторлар, алғашқы ұстаздары, қоғамдық қызметі, сол кездегі саяси жүйеге байланысты қалыптасуы, тұлға ретіндегі мінез-құлқындағы ерекшеліктері, отбасылық жағдайы, сан қилы тағдыры Қазақстандық тарихнамада алғаш рет кеңінен ашылып, зерттелген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;	А.Н. Бернштамның өмір жолы мен ғылыми қызметі бойынша диссертациялық жұмыстың әрбір бөлімі бойынша мұқият, тиянақты жұмыс байқалады. Қолданылған деректер мен ұсыныстар

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>тәжірибелік маңызға ие. Зерттеудің жүйелік сипаты, теориялық сұрақтар мен тәжірибелік нәтижелердің байланыстылығы диссертация қорытындыларының ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары, жаңа ақпараттар қарастырылған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды ақсат етпейді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p>	<p>Зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми мәселені қоя білген.</p> <p>1-қағидат бойынша диссертациялық жұмыста А.Н. Бернштамның балалық шағы, студенттік кезі, қоғамдық және ғылыми қызметі зерделенген. Кеңестік уақыттың жалпы тарихи, мәдени және интеллектуалдық контексті А.Н. Бернштамның ойлау стилін, оның ғылыми көзқарастарын, саяси тұлғасын айқындады және арнайы авторлық, жазу стилінің қалыптасуына еткен ықпалы ашып көрсетілген.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p>

		<p>2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>2-қағидат бойынша А.Н. Бернштамның Жетісу мен Тянь-Шаньдағы көптеген қола дәуірі ескерткіштеріне жүргізген зерттеулеріне анализ жасалған. 7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>3-қағидат ғалымның ерте темір дәуірін зерттеуіне арналып, сақтар ен үйсіндердің мәдениеті кейінгі қола дәуірінен бастап, жергілікті негізде қалыптасты, сақ және үйсін мәдениетінің бірізділігін, үйсін тайпаларын автохтонды болғандығы туралы идеясы дамытылып, осы идеясының қолдаушылары мен қолдамайтын тараптар пікірлері жүйеленген. 7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>4-қағидат бойынша А.Н. Бернштам тарихи деректердегі қаңлылардың 5 иелігінің үшеуін Қазақстан аумағына орналастыруы бойынша өзге ғалымдардың ой-пікірлері сарапталған. Қазақстан тарихында «қаңлылар мәселесі» әлі де өзектілігі анықталған. 7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>5-қағидат бойынша А.Н. Бернштам ХХ ғасырдың 30-жылдарының соңында ғұн тарихын зерттеу нәтижесінде пайымдалған ғұн жаулап алушылығының прогрессивті маңыздылығы туралы негізгі тезисі, катакомбалы-ақымды жерлеу орындары ғұндарға тиесілі деп санаған пікірі өзге ғалымдар тарапынан қайшылық тудыруы және</p>
--	--	---	--

			<p>қазіргі уақытта бұл тақырыптардың интерпретациялануы қарастырылған.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>6-қағидаты Іле, Талас, Шу өңірі мен Сырдария бойында ғалым жетекшілігімен жүргізілген археологиялық зерттеулер қалалардың пайда болуын, қала құрылысын, қолөнер өндірісін, қала тұрғындарының өмірі мен тұрмысын зерттеуінің өміршеңдігі, қалалардың пайда болуындағы соғдылық әсер идеясының қолдау таппауы қарастырылған.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>7-қағидат А.Н. Бернштамның түркі халықтары – ежелгі түркілер, қазақтар, қырғыздар, ұйғырлардың шығу тегі, этногенезі мәселелері, ру-тайпалар атауының қалыптасуы туралы ойлары жинақталып, талданған. Ғалымның зерттеулерінің нәтижесінде түркі тайпаларының басым бөлігінің этногенезінің негізгі үрдістері Қазақстан аумағында жүргені дәлелденді.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>8-қағидат Қазақстан мен Қырғызстанның – Жетісу, Памир-Алай, Оңтүстік Қазақстан, Тянь-Шань, Памир-Ферғана, Үлкен Шу каналында жүргізген археологиялық экспедицияларының қазба жұмыстары барысында әртүрлі археологиялық мәдениеттерге</p>
--	--	--	---

		<p>жататын жүздеген ескерткіштерді анықтауы археология ғылымына қосқан үлкен үлесі, ғылыми және ұйымдастырушылық қабілетімен жоғары археологиялық мектеп қалыптастыруы қарастырылған</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>9-қағидат бойынша А.Н. Бернштамның гипотезалары мен тұжырымдамалары бүгінгі күнге дейін өзекті болуы және зерттеушілер ортасында, әсіресе, жаңа, заманауи әдістемелік деңгейде жұмыс істейтін ғалымдар арасында кеңінен қолданылатыны анықталған.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең. 7.5. PhD докторанттың қорғауға қойылатын талаптарға сәйкес жарияланымдары дәлелденген. Диссертация тақырыбы бойынша жалпы 12 мақала жазылса, докторантурада оқу барысында 7 мақала Қазақстан, Украина және Ресейде шыққан және ҚР БҒМ Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан бекітілуге ұсынған басылымдарында жарияланды.</p> <p>«Вопросы гуннской миграции в работах А.Н. Бернштама» атты мақала Украинада өткен ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағында басылып шықты. Шетелдік ғылыми жетекші, профессор Кан Ин Укпен жазылған мақала Scopus базасына енетін «Повольжская археология» атты халықаралық журналда жарық көрді. Мақалалардың барлығы диссертация тарауларын жазу барысында қолданылған және диссертация соңында арнайы қосымшада келтірілген.</p>
--	--	--

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Қойылған міндеттерді шешу үшін диссертацияда жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдіснама қолданылып негізделген. Диссертацияны жазу кезінде тарихи үрдістегі құбылыстарды зерттейтін тарихилық қағидасына және ғылыми талдаудың объективтілігіне сүйенген. Салыстырмалы, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық талдау әдістерін қолдану арқылы жүргізілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу жұмысы жекеп тұлғаның өмірі мен ғылыми қызметіне арналғандықтан, тақырыптың спецификалық ерекшелігіне сай компьютерлік технологиялар қолданылмаған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Иә, теориялық тұжырымдар зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын РҒА ММТИ Мұрағаты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Мұрағаты құжаттары, диссертациялық жұмыстар, арнайы тақырыптық зерттеулер, ТМД елдерінің ғалымдарының зерттеулері, мерзімді баспасөздер секілді көптеген сенімді деректер мен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 185 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Тақырыпқа сай мұрағат материалдары,

			диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік ғылыми мақалалар тізімі ұсынылған.
(Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Иә, диссертацияның теориялық маңыздылығы бар. А.Н. Бернштамның өмірі мен ғылыми қызметін зерттеудің негізгі мазмұны толық ашылған және алдына қойылған мақсат-міндеттері орындалған. Диссертациялық зерттеудің барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптері келешекте басқа да зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижелерін практикада қолдануға болады. Зерттеудің нысаны қазақ археологиясының қалыптасуына үлкен негіз болған, атақты ғалым зерттеуші – А.Н. Бернштамның өмірі және елімізде археология ғылымының қалыптасуына, дамуына, оның өзекті мәселелерін шешуге арнаған ой-пікірлері, қол жеткен нәтижелері мен қалдырған мол ғылыми мұрасы – мақалалары, монографиялары, қолжазбалары және ғалым туралы жазылған мақалалар болғандықтан, диссертациядағы материалдарды студенттер мен магистранттарды оқытқанда да және арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізгенде де пайдалануға болады. Сонымен қатар, болашақта тұлға тарихын зерттеуге талаптанған жас мамандар өз жұмыстарында пайдалануына мүмкіндік бар.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар жүргізілген ғылыми-зерттеу негізінде дайындалған жұмыс мұрағат құжаттары, мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары, монографиялары негізінде дайындалған жаңа материалдардың жиынтығы болып табылады. А.Н. Бернштамның Қазақстан археологиясына сіңірген еңбегі мен қосқан үлесі бұдан бұрын жекелеген отандық зерттеушілердің мақалаларына арқау болғанымен, жүйелі түрде жазылған толыққанды зерттеу жұмысы болмаған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты жазу және ресімдеу сапасы жоғары деп бағалауға болады. Докторлық диссертация сөзсіз қызығушылық тудырады, нақтылы материалдарға бай, теориялық, әдістемелік тұрғыдан жақсы жазылған толық жұмыс деп қабылдауға болады.

Айтбаева Айгерим Есимкановнаның «Қазақстан археологиясы А.Н. Бернштам зерттеулерінде» тақырыбында дайындаған диссертациясы ҚР Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларының 2-тарауында көрсетілген диссертациялық талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан, «6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

РМҚК «Бозок» тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми хатшысы



А.С. Ганиева